

Білім беру бағдарламаларының тізілімі

1	Білім беру бағдарламасының атауы	Акушерлік және гинекология (ересектер, балалар)	
2	ББ түрі (қолданыстағы, жаңа, инновациялық)	Қолданыстағы	
3	ББ мақсаты	Заманауи талаптарға сай, өздігінен жұмыс істей алатын, әмбебап және кәсіби құзыреттер жүйесіне ие, білікті, бәсекеге қабілетті акушер-гинеколог дәрігерлерді даярлау. Бағдарлама ересектер мен балалардағы акушерлік және гинекологиялық ауруларды амбулаториялық және стационарлық жағдайларда диагностикалау мен емдеуге бағытталған медициналық көмек көрсету бойынша кәсіби қызметке дайын мамандарды даярлауды көздейді.	
4	ББ ерекшеліктері (жоқ, бірлескен, қосдипломды)	Акушерлік және гинекология бойынша кәсіптік стандартты енгізу ескеріле отырып, құзыреттер мен оқу нәтижелері қалыптастырылған	
5	Серіктес университет	жоқ	
6	Оқу нәтижелері	1.1	Пациентті тексеру жоспарын құрастыра алады, гинекологиялық ауруларды анықтау және диагноз қою мақсатында науқастарды тексеруді жүргізе алады. Пациенттен және олардың заңды өкілдерінен шағымдар мен ауру тарихын жинау дағдылары бар. Акушерлік және гинекологиялық науқастарды қарау, пальпациялау, перкуссиялау, аускультациялау дағдыларына ие. Ақпаратты түсіндіре және талдай алады.
		1.2	Пациент үшін ең жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін пациенттермен, олардың туыстарымен, әріптестерімен және денсаулық сақтау мамандарымен ең сенімді қарым-қатынас орнату үшін акушерлік және гинекологиялық науқастармен тиімді өзара әрекеттесе алады.
		1.3	Акушерлік және гинекологиялық науқастардың ауруларын аспаптық диагностикалау мәселелерінде осы науқастарды басқару тактикасын анықтауда тәуекелдерді бағалай алады және медициналық көмектің қауіпсіздігі мен сапасын жоғары деңгейде қамтамасыз ету үшін ең тиімді әдістерді қолдана алады.
		1.4	Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесінің құқықтық және ұйымдастырушылық шеңберінде акушерлік және гинекологиялық бейіні бойынша әрекет ете алады, төтенше жағдайларда негізгі медициналық көмек көрсете алады, ұлт денсаулығын жақсарту саясатын іске асыру үшін кәсіптік ұжымдар құрамында жұмыс істей алады.

		1.5	Акушерлік және гинекологияның негізгі бағыттары бойынша адекватты зерттеу сұрақтарын құрастыра алады, кәсіби әдебиеттерді сыни тұрғыдан бағалай алады, акушер-гинеколог ретінде өзінің күнделікті қызметінде халықаралық мәліметтер базасын тиімді пайдалана алады, ғылыми топ жұмысына қатысады.
		1.6	Өз бетінше оқуға және кәсіби ұжымның басқа мүшелерін оқытуға қабілетті, гинекологиялық ауруларды диагностикалау және емдеу мәселелері бойынша талқылаулар мен конференцияларға белсенді қатысу, кәсіби қоғамдастық жиналыстарының белсенді тыңдаушысы болу, үздіксіз кәсіби дамудың басқа да нысандарына қатысуға ие.
7	Оқу формасы	Күндізгі	
8	Оқыту тілі	Қазақ, орыс	
9	Кредиттер көлемі	210	
10	Берілетін академиялық дәреже	Резидентура	
11	ББ аккредитациясы (аккредитациялық органның атауы, аккредитация мерзімі)	Сертификат №KZ93LAA00014823 27.05.2021г.- 26.05.2026г. Тіркеу нөмірі АВ 3487/1	

Сведения о дисциплинах:

№	Пән коды	Пән атауы	Пәннің қысқаша мазмұны	Цикл	Компонент	Кре дит	Қалыптасатын оқу нәтижелері (кодтар)							
							PO 1	PO 2	PO 3	PO 4	PO 5	PO 6	PO 7	PO 8
	ПД	Профирлік дисциплина		ПД	ПД	204								
	ОК	Міндетті компонент		ОК	ОК	196								
1	АА	Амбулаториялық	«Амбулаториялық акушерлік» модулінде			27	+	+	+	+	+	+		

		акушерлік	резидентурада оқытудың негізгі мақсаты – кең көлемде теориялық білімі бар, кәсіби міндеттерді табысты шеше алатын, дифференциалды-диагностикалық ізденіс жүргізе білетін, толық көлемде медициналық көмек көрсететін, жүктілік және босанудан кейін әйелдің өмірі мен денсаулығын сақтау үшін барлық қажетті профилактикалық және оңалту шараларын орындай алатын акушер-гинеколог маман дәрігерді дайындау. Қалыпты жүктілік пен босану кезінде емдеу-диагностикалық көмек көрсетуге мүмкіндік беретін практикалық дағдылар мен қабілеттерді жетілдіру.											
2	AS	Стационардағы акушерлік	«Стационардағы акушерлік» модулінде резидентті оқытудың негізгі мақсаты – дәлелді медицина қағидаттарына сәйкес амбулаториялық жағдайларда жүкті әйелдерге, босанған әйелдерге және гинекологиялық науқастарға білікті көмек көрсете алатын акушер-гинеколог дәрігерлерді терең даярлау. Бұл топқа ана мен перинаталдық аурулар мен өлім-жітімнің төмен қаупі бар жүкті әйелдер, жүктілік кезінде асқынулары бар жүкті әйелдер, ремиссия кезеңіндегі экстрагенитальды патологиясы бар жүкті әйелдер, әйел жыныс мүшелерінің қабыну аурулары, аналық бездердің қатерсіз ісіктері мен ісік тәрізді түзілістері, жыныс мүшелерінің гиперпластикалық және дистрофиялық процестері, жатыр мойнының фондық және алдын ала обырлық аурулары, жатыр миомасы сияқты әртүрлі гинекологиялық аурулармен ауыратын науқастар жатады. Сонымен қатар,			63	+	+	+	+	+	+		

			акушерлік және гинекологиядағы шұғыл жағдайларда көмек көрсету және отбасыны жоспарлау кабинетінде жұмыс істеу дағдыларын меңгеру											
3	AG	Амбулаториялық гинекология	«Амбулаториялық гинекология» модулінде резидентурада оқытудың негізгі мақсаты – кең көлемде теориялық білімі бар, кәсіби міндеттерді табысты шеше алатын, дифференциалды-диагностикалық ізденіс жүргізе білетін, толық көлемде медициналық көмек көрсете алатын, әйел өмірі мен денсаулығын сақтау үшін барлық қажетті профилактикалық және оңалту шараларын жүзеге асыра алатын жоғары білікті акушер-гинеколог маманды дайындау. Бұл дайындық әйел жыныс мүшелерінің спецификалық және спецификалық емес қабыну ауруларын, стационарлық емдеуге көрсеткіштерді, менструалдық циклдің бұзылуын (аномальды жатырлық қан кетулерді), жатырдан тыс жүктілікті, аналық без апоплексиясын, жатыр миомасын, эндометриозды, аналық бездердің қатерсіз түзілімдерін диагностикалау және емдеу бойынша жүзеге асырылады, сондай-ақ шұғыл көмек көрсету дағдыларын қамтиды			25	+	+	+	+	+	+		
4	GS	Стационардағы гинекология	«Стационардағы гинекология» модулінің мақсаты – әйелдердің өмірі мен денсаулығын сақтау үшін барлық қажетті профилактикалық және оңалту шараларын жүзеге асыру. Бұл шаралар келесі гинекологиялық патологияларды емдегеннен кейін орындалады: әйел жыныс мүшелерінің спецификалық және спецификалық емес қабыну аурулары,			38	+	+	+	+	+	+		

			стационарлық емдеуге көрсеткіштер; менструалдық циклдің бұзылуы (аномальды жатырлық қан кетулер); жатырдан тыс жүктілік, аналық без апоплексиясы; жатыр миомасы; эндометриоз; аналық бездердің қатерсіз түзілімдері; шұғыл көмек көрсету. Сонымен қатар, белгісіз этиологиялы жатырлық қан кетулерде дифференциалды диагноз жүргізу, шұғыл көмек көрсету, оперативті араласуларға көрсеткіштерді анықтау, гинекологиялық операциялар техникасын меңгеру, операция алдындағы және операциядан кейінгі күтім ұйымдастыру және гинекологиялық науқастардың психологиялық ерекшеліктерін ескеру дағдыларына үйрету.											
5	DGSZ	Балалар гинекологиясы және жыныстық денсаулық	Оқытудың мақсаты – жаңа туған кезеңнен бастап 18 жасқа дейінгі әртүрлі кезеңдерде жасөспірім қыздарға қажетті көмек көрсете алатын, кең көлемде теориялық білімі бар, кәсіби міндеттерді табысты шеше алатын, дифференциалды-диагностикалық ізденіс жүргізе білетін, толық көлемде медициналық көмек көрсетіп, барлық қажетті профилактикалық және оңалту шараларын жүзеге асыра алатын акушер-гинеколог маман дәрігерді даярлау. Қыздарды әртүрлі жас кезеңдерінде қарау және тексеру нәтижелерін дұрыс интерпретациялауға үйрету, емдеу-диагностикалық көмек көрсетуге, контрацепцияның әртүрлі әдістері бойынша кеңес беруге мүмкіндік беретін практикалық дағдылар мен қабілеттерді жетілдіру. Жасөспірім қыздардың әртүрлі			17	+	+		+	+	+		

			гинекологиялық ауруларын жүргізу, диагностикалау және емдеу, сонымен қатар дифференциалды-диагностикалық ізденіс жүргізу және зертханалық-аспаптық диагностика әдістерінің нәтижелерін дәлелді медицина қағидаттарына сәйкес сауатты интерпретациялау дағдыларын меңгеру											
6	RMB	Репродуктивті медицина және бедеулік	«Репродуктивті медицина және бедеулік» модулі бойынша резидентті оқытудың негізгі мақсаты – әйел жыныс мүшелерінің туа біткен аномалияларымен байланысты бедеуліктің әртүрлі түрлерімен ауыратын әйелдерге, қосымша репродуктивті технологияларды қолданғаннан кейінгі жүктілігі бар әйелдерге және экстракорпоральды ұрықтандыру (ЭКО) жүргізу бойынша отбасылық жұптарға білікті медициналық көмек көрсете алатын акушер-гинеколог дәрігерлерді терең даярлау.			17	+	+	+	+	+	+		
7	OG	Онкогинекология	Оқытудың мақсаты – әйелдердің ұрпақты болу жүйесінің фондық, ісік алды аурулары мен обырын диагностикалау, негізгі операциялар мен осы патологияны терапевтік емдеу әдістерін диагностикалау бойынша емтихандарды жүргізуде арнайы теориялық білімі, практикалық дағдылары мен дағдылары бар акушер-гинекологты дайындау.			13	+	+	+	+	+	+		
8		Таңдау компоненті Бедеу неке	«Бедеу неке» элективті компоненті бойынша оқытудың негізгі мақсаты – бедеулікті диагностикалау мен емдеудің заманауи әдістерін, оның ішінде ұрпақты болу денсаулығын қорғау үшін Қазақстан Республикасында халық денсаулығына			8	+	+	+	+	+	+		

			рұқсат етілген заманауи көмекші репродуктивті әдістер мен технологияларды қолдануды тереңдетіп оқылады											
9		Таңдау компоненті «Гинекологиядағы Ультрадыбыстық зерттеу»	Резиденттерді «Гинекологиядағы Ультрадыбыстық зертеу» модулі бойынша оқытудың негізгі мақсаты - УДЗ аппаратының негізгі принциптеріне үйрету болып табылады. Әртүрлі ультрадыбыстық датчиктермен жұмыс істеу дағдысын игеру, ультрадыбыстық көріністің физикалық негіздеріне үйрету, сонымен қатар, эндометрийдің, миометрийдің, аналық безінің, жатыр түтіктерінің қалыпты құрылымдарының УДЗ белгілерін анықтау. Жатыр, эндометрий, аналық без патологиясын анықтау және кіші жамбас қуысы органдары ауруларының дифференциальды диагностикасын жүргізу. Жедел гинекологиялық ауруларды диагностикалау дағдыларын меңгеру (жатырдан тыс жүктілік, аналық без апоплексиясы, аналық без ісігінің аяғының айналуы), жүктілікті ерте мерзімінде анықтау. Ультрадыбыстық протоколдарын толтыру.			8	+	+	+	+	+	+		
9	ҚА	Қорытынды аттестация				2								
10		Барлығы				210								